



Бекітемін
«Kids Avenue» жеке балабақша
директор Гаврилина Е.М

«Kids Avenue» жеке балабақшасы

2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары

Р/с	Іс-шара мазмұны	Мерзімі	Өткізу түрі
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы 1. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту. 2. Педагогтің кәсіби құндылықтары және әдеп кодексі. 3. Балабақшадағы қолайлы психологиялық орта қалыптастырудағы педагогтің рөлі.	Қыркүйек	Дөңгелек үстел
2	«Педагог мәдениеті – кәсіби табыстың кепілі» Педагогтің сөйлеу әдебі, киім үлгісі және қызметтік қарым-қатынас мәдениеті.	Қараша	Семинар-практикум
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы 1. Цифрлық кеңістіктегі педагог әдебі және ақпараттық қауіпсіздік. 2. Педагогикалық жанжалдардың алдын алу және шешу жолдары. 3. Педагогтің эмоционалдық саулығы және кәсіби күйзелістің алдын алу.	Қаңтар	Дөңгелек үстел
4	«Заманауи педагог және кәсіби даму» Жас мамандарға арналған тәжірибе алмасу алаңы.	Ақпан	Тренинг
5	«Педагог үні» Педагогтердің ұсыныстары мен пікірлерін талқылауға арналған ашық диалог алаңы.	Сәуір	Ашық брифинг
6	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы 1. Педагогтің оң имиджін қалыптастыру. 2. Өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу мәдениеті. 3. Әлеуметтік желілердегі және қоғамдық ортадағы педагог жауапкершілігі. 4. Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына жүргізілген мониторинг қорытындысы.	Мамыр	Дөңгелек үстел

«Kids Avenue» жеке балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №1 хаттамасы

Өткізілген күні: 19.09.2025 ж.

Қатысқандар:

Директор – Е.М. Гаврилина

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері

Күн тәртібі

1. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту. Кеңес төрайымы: Ж.С. Адиева
2. Педагогтің кәсіби құндылықтары және әдеп кодексі. Кеңес мүшесі: Ж.Садырова
3. Балабақшадағы қолайлы психологиялық орта қалыптастырудағы педагогтің рөлі. Кеңес мүшесі: М.Н. Қазғалиева

Тыңдалды

1-мәселе бойынша

Кеңес төрайымы Ж.С. Адиева 2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда педагогтердің кәсіби әдебін жетілдіру, педагогикалық этика нормаларын сақтау, әлеуметтік желілердегі мәдениетті қарым-қатынас, кәсіби құндылықтарды нығайту, психологиялық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру және жас мамандармен жұмыс бағытындағы іс-шаралар қамтылғаны айтылды.

Кеңес мүшелері жоспарды талқылап, ұсынылған іс-шаралардың өзектілігін атап өтті. Кеңес мүшелерінің ұсыныстары ескеріліп, жұмыс жоспары бірауыздан бекітуге ұсынылды.

2-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі Ж.Садырова «Педагогтің кәсіби құндылықтары және әдеп кодексі» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы педагогтің кәсіби қызметіндегі негізгі құндылықтар ретінде жауапкершілік, әділдік, адалдық, құрмет, адамгершілік және кәсіби біліктілікті атады. Педагогтің өз қызметінде педагогикалық әдеп қағидаларын басшылыққа алып, тәрбиеленушілердің құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуі қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар педагогтің әріптестермен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынасында әдеп кодексінің талаптарын сақтауы білім беру ұйымындағы жағымды ахуалды қалыптастыруға ықпал ететіні атап өтілді.

3-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі, педагог-психолог М.Н. Қазғалиева «Балабақшадағы қолайлы психологиялық орта қалыптастырудағы педагогтің рөлі» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы балабақшадағы жағымды психологиялық ахуал балалардың жан-жақты дамуына, педагогтердің тиімді жұмысына және ата-аналармен өзара ынтымақтастықтың нығаюына әсер ететінін айтты.

Педагогтің балаларға мейірімділік танытуы, олардың жеке ерекшеліктерін ескеруі, қолдау көрсетуі және сенімді қарым-қатынас орнатуы психологиялық жайлы ортаны қалыптастырудың маңызды шарттары екендігі айтылды. Сонымен қатар ұжымдағы өзара сыйластық пен ынтымақтастықтың маңызы ерекше атап өтілді.

Шешімі

1. 2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогтердің кәсіби құндылықтары мен әдеп кодексін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін. Педагогтердің кәсіби мәдениетін және педагогикалық әдеп деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
3. Балабақшада қолайлы психологиялық орта қалыптастыру мақсатында психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:



Ж.С. Адиева

Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева

«Kids Avenue» жеке балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №2 хаттамасы

Өткізілген күні: 16.01.2026 ж.

Қатысқандар:

- Директор – Е.М. Гаврилина
- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері

Күн тәртібі

1. Цифрлық кеңістіктегі педагог әдебі және ақпараттық қауіпсіздік.
Баяндамашы: Ж.С. Адиева
2. Педагогикалық жанжалдардың алдын алу және шешу жолдары.
Баяндамашы: К.Х. Мухамеджанова
3. Педагогтің эмоционалдық саулығы және кәсіби күйзелістің алдын алу.
Баяндамашы: М.Н. Қазғалиева

Тыңдалды

1-мәселе бойынша

Кеңес төрайымы Ж.С. Адиева «Цифрлық кеңістіктегі педагог әдебі және ақпараттық қауіпсіздік» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы қазіргі таңда цифрлық технологиялардың білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып отырғанын атап өтті. Осыған байланысты педагогтердің интернет кеңістігінде, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде қарым-қатынас жасау кезінде педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауының маңыздылығы айтылды.

Педагогтердің тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналары туралы жеке мәліметтерді жарияламауы, қызметтік ақпараттың құпиялығын сақтауы және желіде мәдениетті қарым-қатынас ұстануы қажеттігі түсіндірілді. Сондай-ақ жалған ақпарат таратудың алдын алу және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселелері қарастырылды.

2-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі К.Х. Мухамеджанова «Педагогикалық жанжалдардың алдын алу және шешу жолдары» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы білім беру ұйымында педагогтер, ата-аналар және тәрбиеленушілер арасындағы қарым-қатынаста түрлі түсініспеушіліктердің туындауы мүмкін екенін атап өтті. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін өзара сыйластыққа негізделген ашық диалог жүргізудің маңызы айтылды.

Жанжалдарды шешуде педагогтің сабырлылық танытуы, әр тараптың пікірін тыңдай білуі, мәселені әділ және объективті қарастыруы қажет екендігі көрсетілді. Сонымен қатар даулы жағдайларды ушықтырмай, келіссөздер арқылы шешу жолдары талқыланды.

3-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі, педагог-психолог М.Н. Қазғалиева «Педагогтің эмоционалдық саулығы және кәсіби күйзелістің алдын алу» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы педагог қызметінің эмоционалдық жүктемесі жоғары мамандықтардың бірі екенін атап өтті. Сондықтан педагогтердің эмоционалдық саулығын сақтау, жұмыс пен демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру, кәсіби күйзелістің алғашқы белгілерін анықтау маңызды екендігі айтылды.

Педагогтердің психологиялық денсаулығын нығайтуға бағытталған әдістер, стрестік жағдайларды басқару тәсілдері және ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалдың маңызы туралы ақпарат берілді. Кеңес мүшелері өзара пікір алмасып, тәжірибелерімен бөлісті.

Шешімі

1. Педагогтердің цифрлық кеңістіктегі әдеп нормаларын және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. Өлеуметтік желілерде және басқа да цифрлық платформаларда қызметтік этика талаптарын сақтау бақылауда ұсталсын.
2. Педагогикалық жанжалдардың алдын алу және тиімді шешу мақсатында кеңес беру және тәжірибе алмасу іс-шаралары ұйымдастырылсын.
3. Педагогтердің эмоционалдық саулығын нығайту және кәсіби күйзелістің алдын алу бойынша психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілсін. Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды сақтау және өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы:



Ж.С. Адиева

Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева

«Kids Avenue» жеке балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №3 хаттамасы

Өткізілген күні: 15.05.2026 ж.

Қатысқандар:

- Директор – Е.М. Гаврилина
- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері

Күн тәртібі

1. Педагогтің оң имиджін қалыптастыру.
Баяндамашы: Ж.С. Адиева
2. Өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу мәдениеті.
Баяндамашы: К.Х. Мухамеджанова
3. Әлеуметтік желілердегі және қоғамдық ортадағы педагог жауапкершілігі.
Баяндамашы: М.Н. Қазғалиева
4. Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына жүргізілген мониторинг қорытындысы.
Баяндамашы: Ж.С. Адиева

Тыңдалды

1-мәселе бойынша

Кеңес төрайымы Ж.С. Адиева «Педагогтің оң имиджін қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы педагогтің оң имиджі оның кәсіби беделін айқындайтын негізгі факторлардың бірі екенін атап өтті. Педагогтің сыртқы мәдениеті, сөйлеу әдебі, оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынасы оның қоғамдағы бейнесін қалыптастыратыны айтылды.

Сонымен қатар педагогтің өз ісіне жауапкершілікпен қарауы, кәсіби этика нормаларын сақтауы және үлгі боларлық мінез-құлық көрсетуі оң имидждің негізгі шарттары екендігі түсіндірілді.

2-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі К.Х. Мухамеджанова «Өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу мәдениеті» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы педагогтің кәсіби дамуы үздіксіз процесс екенін атап өтті. Өзін-өзі дамыту – педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттырудың, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгерудің және педагогикалық шеберлікті жетілдірудің негізгі жолы екендігі айтылды.

Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарына қатысуы, әдістемелік бірлестіктер жұмысына белсенді араласуы және тәжірибе алмасуы кәсіби өсудің маңызды көрсеткіштері ретінде қарастырылды.

3-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі, педагог-психолог М.Н. Қазғалиева «Әлеуметтік желілердегі және қоғамдық ортадағы педагог жауапкершілігі» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы педагогтің әлеуметтік желілердегі және қоғамдық орындардағы әрбір әрекеті оның кәсіби беделіне тікелей әсер ететінін атап өтті. Сондықтан педагог ақпаратты жариялау кезінде әдеп нормаларын сақтап, қоғамға үлгі боларлық мінез-құлық көрсетуі тиіс.

Жеке пікір білдіру барысында да педагог этикалық шектен шықпауға, білім беру ұйымының абыройына нұқсан келтірмеуге және балалар мен ата-аналарға қатысты құпия ақпаратты таратпауға міндетті екендігі айтылды.

4-мәселе бойынша

Кеңес төрайымы Ж.С. Адиева педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына жүргізілген мониторинг қорытындысымен таныстырды.

Мониторинг нәтижесі бойынша педагогтер тарапынан әдеп нормаларын сақтау деңгейі жалпы қанағаттанарлық деп бағаланды. Оқу жылы барысында өткізілген отырыстар, семинарлар және түсіндіру жұмыстары педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға оң әсер еткені атап өтілді.

Сонымен қатар кейбір бағыттар бойынша жұмыстарды күшейту, әсіресе цифрлық этика мен кәсіби коммуникация мәдениетін жетілдіру қажеттілігі айтылды.

Шешімі

1. Педагогтің оң имиджін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Педагогтердің өзін-өзі дамытуы мен кәсіби өсу мәдениетін арттыру мақсатында әдістемелік колдау күшейтілсін.
3. Әлеуметтік желілер мен қоғамдық ортадағы педагог жауапкершілігі бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
4. Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына жүргізілген мониторинг нәтижелері назарға алынсын.
5. Келесі оқу жылында цифрлық этика, кәсіби коммуникация және психологиялық тұрақтылық бағыттарына ерекше көңіл бөлінсін.

Кеңес төрайымы:



Ж.С. Адиева

Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева